

Өнімді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін белгілеу және оны төлеудің тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 12 қыркүйектегі N 1329. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы салықтар мен төлемдерінің мемлекеттік бюджетке толық түсуін, оның ішінде өнімді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттарда Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін және оны төлеуді реттеуді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Өнімдерді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін белгілеу және оны төлеудің тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1997 жылғы 12 қыркүйектегі

N 1329 қаулысымен

бекітілген

Өнімдерді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін белгілеу және оны төлеудің тәртібі

1. Тараптардың қосымша келісімдерінің негізінде өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттарда, Қазақстан Республикасының роялти және үлестерінің ақшалай нысандағы төлемі жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарт бойынша қызметтерді жүзеге асыру барысында төлемнің табиғи нысанына алмастырылуы мүмкін.

2. Тараптардың қосымша келісім оған қол қойылған сәтке дейін міндетті тәртіпте құқықтық және салықтық сараптамадан өтеді.

3. Жер қойнауын пайдалануға жасалған келісім-шарттарда белгіленген

өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилерін немесе үлестерін ақшалай төлеу нысаны уақытша толық немесе ішінара ауыстырылуы мүмкін.

4. Өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилерін және үлестерін табиғи төлеу нысаны ақшалай төлем нысанындағы осы төлемге арналған келісім-шартта баламды белгіленген болуы керек.

5. Өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін табиғи нысанда төлеуді белгілеу кезінде төлеу тәртібінің сипаттамасында мыналар міндетті түрде көрсетіледі:

республиканың роялтилері мен үлестеріне жататын өнімдердің бөлігін мемлекет атынан алушы (бұдан әрі - алушы);
жеткізу пункті мен шарттары.

6. Өнімдерді бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестері төлемінің есебіне берілетін өнімдерді жер қойнауын пайдаланушылар беру мерзімі, ақшалай нысанда төлеу үшін жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шартта белгіленген осы төлемдерді төлеу мерзімінде (бұдан әрі - төлемдерді төлеу мерзімі) сәйкес келуі керек. Бұл ретте жер қойнауын пайдаланушы өнімді, алушы мұндай алыс-беріске біршама кеш мерзім тағайындалғаннан басқа жағдайларда, төлемдерді төлеу мерзімінен кешіктірмей алушыға береді.

7. Алушы, төлемдерді төлеу мерзімінде, жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес жер қойнауын пайдаланушы есептеген өнімдерді ақшалай нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерінің сомаларын мемлекеттік бюджетке аударды.

8. Алушы, өнімнің тиісті көлемін оған жер қойнауын пайдаланушының уақытылы әрі толық бергендігіне бақылауды дербес жүзеге асырады.

9. Жер қойнауын пайдаланушы мен алушы, өнімдерді табиғи нысанда бөлу туралы келісім-шарттардағы Қазақстан Республикасының роялтилері мен үлестерін төлеу (беру) мөлшері мен мерзімі туралы есепті салық органдарына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің құзыретті органы тағайындаған мерзімде және нысан бойынша тапсырады.

10. Алынған өнімдер үшін қаражаттарды бюджетке уақтылы әрі толық аударудағы тәртіпті бұзғандығы үшін алушы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапқа тартылады.